

**«Батыс Қазақстан облысы әкәмдігі білім басқармасының Бөрлі ауданы
білім беру бөлімінің «Жұлдыз»бөбекжайы» мемлекеттік комуналдық
қазыналық кәсіпорны**



Бекітемін
Бөбекжай меңгерушісі
Г.А.Шарибданова

**«Тәрбиеші балабақша жүрегі»
(концерт)
«Таңшолпан» тобы**

**Тәрбиешілер: Бисенбаева.Л.Е
Умбетова.Г.И**

2024-2025 оқу жылы

«Тәрбиеші балабақша жүрегі»

(концерт)

Мақсаты: Ұстаздар күніне арнаған мерекені насихаттау. Өз ойларын жеткізе білуге баулу, тақпақ, өлеңдерді мәнерлеп оқыту арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Тәрбиеші: Ұстаздарға төл мерекелеріңіз құтты болсын, көңілдеріңіз ашық аспан сияқты таза болсын.

Тәрбиеші балабақша жүрегі атты мерекелік концерттімізге қош келдіңіздер.

Олай болса балабақша меңгерушісі Шарибданова Гулдана Аскаровнаға сөз езегін берейік. Ендігі кезек біздің бүлдіршіндеріміздің тақпағына берейік.

Бекназар:

Мереке күніңмен,
Құттықтап бүгін мен.
Ойыма ой қосам,
Сен берген біліммен.

Дияр:

Қанатым талмайды,
Қиялым самғайды.
Ақын да, ғалым да,
Ұстазсыз болмайды.

Ахмад:

Болды кезім мақтаған
Болды кезім ұқпаған
Болды кезім ұстаздың
Ойынан дәл шықпаған.

Айзере:

Ұстаздардың анасы
Балалардың панасы
Ұстаздарды сүйеміз
Әдеппен бас иеміз.

Кәусар:

Бала бала баламыз
Бақшамызға барамыз
Күні бойы қызыққа
Батамызда қаламыз.

Тәрбиеші: балалар өнерлеріңе тәнтіміз. Осы ұстаз деген - кімдерге сабақ берген. Әншіге де, жыршыға да, жүгізушіге де, президентке де, бишіге де сабақ берген. Әрбір маман иесі осы Ұлы ұстаздың алдынан өткен. Қане ұстаздарға, тәрбиешілерге алғыс айтайық.

Ән: «Үйретеді»

Ойын: «Қыздарға гүл сыйлау»

Ойын шарты: Орындықта 2 букет гүл тұрады. Әуен тоқтағанда букеттегі гүлді қыздарға жылдам беру.

Би: «Қазақ биі»

Қортынды:

Балалар бүгінгі күн – қандай мереке екен?

Ұстаздар кімге сабақ берген?

Тәрбиеші: Мектептің басты тұлғасы, жүрегі-мұғалім. Егемен еліміздің ертеңін ойлар, білімді де, саналы, Отанын, туған жерін, ұлтын сүйетін, ұлтжанды, парасатты азаматтар тәрбиелеуде мұғалімнің еңбегі орасан зор екенін баршамыз мойындаймыз.

Біртұтас ұлттық қазынаға байланысты келген тәрбиешілерімізбен ұлттық ойындар ойнаймыз балалармен бірге.

Балдырғанның көріп шаттық жүзінен.

Мейіріммен шапағым боп тізілген

Кеше ғана менде шәкірт болып ем,

Келем бүгін ұстаздардың ізімен – дей келе бүгін «Тәрбиеші балабақша жүрегі» атты концертімізді аяқтаймыз. Сау болыңыздар!